

Бесқарағай ауданының Ерناзар ауылдық округінің "Ринат" шаруа қожалығындағы "Балапан" жазғы мал шаруашылығы нүктесінде шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 2015 жылғы 28 шілдедегі № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 19 тамызда № 4111 болып тіркелді. Күші жойылды-Абай облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 26 тамыздағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды-Абай облысы Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімінің 26.08.2022 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35-бабы 2- тармағына, "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1- бабы 7) тармақшасына, ветеринариялық бақылау және қадағалау Комитетінің Бесқарағай аудандық аумақтық инспекциясы басшысының 2015 жылғы 13 шілдедегі № 150 ұсынысы негізінде Ерназар ауылдық округінің әкімі **ШЕШТІ:**

1. Ірі қара малдардан құтырма ауруының шығуына байланысты Бесқарағай ауданының Ерназар ауылдық округінің "Ринат" шаруа қожалығындағы "Балапан" жазғы мал шаруашылығы нүктесінде шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Бесқарағай ауданы Ерназар ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Е. Тендыске осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

4. Шешім ресми алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ерназар ауылдық округі әкімінің
міндетін атқарушы*

Б. Марзатаева

